

**Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөніндегі мемлекеттік комиссиясы туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 13 сәуір N 1655.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.09.04. N 677 Жарлығымен. ~U010677

Нарықтық экономиканың қалыптасуы мен дамуының маңызды факторы болып табылатын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөніндегі мемлекеттік комиссиясы құрылсын:

<\*>

Ескерту. 1-ші тармақтан сөздер алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.05.19. N 2290 жарлығына сәйкес.

2. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөніндегі мемлекеттік комиссиясының құрамы бекітілсін:

<\*>

Соболев В.В. - Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары, төраға

Тілеубердин А.А. - Қазақстан Республикасының Экономика министрі, төрағаның орынбасары

Мұхамеджанов Б.Ғ. - Қазақстан Кәсіпкерлері конгресінің бірінші вице-президенті, төрағаның орынбасары

Кинасов О.Г. - Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Аппаратының Экономикалық саясат бөлімі меңгерушісінің орынбасары, хатшы

Аблязов М.К. - "Астана холдинг" Қазақ холдинг

компаниясының президенті  
Әлжанов Т.К. - коммерциялық банктер ассоциациясының президенті  
Әзімов Р.Ж. - Қазақстан агроөнеркәсіп биржасының президенті  
Байсейітов Б.Р. - Қазақстан Кәсіпкерлері конгресінің президенті  
Дербісов Е.Ж. - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төрағасының бірінші орынбасары  
Жандосов О.Ә. - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы  
Қадыров Н.Х. - "Мерей" акционерлік қоғамының президенті  
Мінібаев А.К. - Қазақстанның өнеркәсіпшілері мен кәсіпкерлер одағының вице-президенті  
Павлов А.С. - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі  
Сорокин В.И. - "Интермодуль" акционерлік қоғамының президенті  
Смағұлов Н.Ә. - "Астана Моторс" қазақ мотор компаниясының президенті  
Өтембаев Е.Ә - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Аппараты Басшысының бірінші орынбасары  
Өтепов Ә.К. - Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы  
Штойк Г.Г. - Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрі  
Ескерту. Комиссия құрамы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.05.19. N 2290 жарлығына сәйкес.

### 3. Комиссия:

- кәсіпкерлікті дамытудың негізгі бағыттарын белгілейтін және өндіріс пен басқарудың барлық саласындағы кәсіпкерлік құрылымдардың жұмысын үйлестіруді қамтамасыз ететін;
- министрліктер мен ведомстволардың, ұйымдар мен мекемелердің,

жергілікті әкімдердің кәсіпкерлікті қолдау және дамыту мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіруді күшейту жөнінде ұсыныстар енгізетін;

- кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдай туғызу мәселелері мен олардың ұйымдастыру тұрғысынан қамтамасыз етілуін қарастыратын;

- кәсіпкерліктің қалыптасуы мен тиімді дамуын қамтамасыз ететін нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеуді ұйымдастырып оларды комиссияның мәжілістерінде талқылайтын және тиісті шешімдер қабылдайтын болып белгіленсін.

#### 4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Аппаратының

экономикалық саясат бөлімі Қазақстан Республикасы мемлекеттік комиссиясының жұмыс органы болып белгіленсін.

<\*>

Ескерту. 4-ші тармақтан сөздер алынып тасталған - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.05.19. N 2290 жарлығына сәйкес.

5. Осы Жарлық жарияланған сәтінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті